

Ақсу негізгі мектебінің жанындағы «Айгөлек» шағын орталығы



2024-2025 оқу жылының жұмыс есебі

Жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қыркүйектің 2-нен бастап топтарды аралап, балалардың алғашқы балабақшаға келген көңіл күйлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Ортаңғы тобы, Ересек, Мектепалды топтарына «Пішіндер қорабы» (қабылдау), «Фигураны тап», «Араға көмектес», «Графикалық диктант» (Д.Б.Эльконин), «3 түрлі құрастырмалы матрешка», «Жыл мезгілдері», Қабылдауды анықтауға арналған тапсырма «Көлеңкесін тап» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Педагогтар және балабақша қызметкерлерінен «Адамдармен тез тіл табыса аласыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды. Ата-аналардан сауалнама алынды. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша Ортаңғы тобы, Ересек, Мектепалды топтарына «Танысу», «Үйдің есігін жабайық», «Досыңмен кездесу», «Сыйлық», «Сиқырлы сөздер», «Ку-Ку», «Қолың қайда?» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қыркүйек айында осындай жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының қазан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қазанның 3-нен бастап 3-4жас ортаңғы тобы, 4-5жас ересек тобы, 5-6жас МАД топтарына «Не жоғалды?», «Суретте қандай заттар жасырылған», «Мынау не?», «Айырмашылықты тап», «Мына суретте не жетіспей тұр?», «Суреттерді салыстыр», «Белгілерді қой», «Фигуралардың суретін салып бітіру» тақырыптарда психодиагностикадан осындай жұмыстар жүргізілді. Психологиялық-педагогикалық ағартудан 3-4жас ортаңғы тобы, 4-5жас ересек тобы, 5-6жас МАД тобы «Қай қолымда», «Біреу көп», «Жағымды сөздер», «Сиқырлы сөздер», «Тығылмашық» тақырыптарында аталған жұмыстар жүргізілді. Түзету-дамытушылық бойынша «Жұмбақ заттар», «Ойыншықтар», «Бір, екі, үш» тақырыптарында балалармен жұмыстар жүргізілді. Консультациялық бағытта педагогтарға «Ф.Фребельдің әдістемелік құралының ерекшеліктері» тақырыбында кеңес берілді. Ата-аналарға «Қауіпсіз Интернет» психологиялық түсіндірме жұмыстары, кеңес беру» тақырыбында кеңес берілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды. Қазан айында осындай жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының қараша айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 1-нен бастап психодиагностикадан Мектепалды тобына «Менің отбасым» тесті және А.Р.Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау тест алынды. «Бір-біріңді таны», «Допты беріп жібер», «Не өзгерді?», «Түгендеу-шатастыру», «Ормалмен билеу», «Біз тамшымыз», «Бүлінген телефон», «Өзің жайлы жақсы сөздер

айту», «Ұзын қысқа», «Тыңдай білу іскерлігі» тақырыптарында Мектепалды тобы, Ересек тобы, Ортаңғы тобы осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектепалды тобы, Ересек тобы, Ортаңғы тобы осы аталған топтарға түзету-дамытушылықтан «Бұл неден жасалған», «Билеп көрсет», «Ойлан тап», «Аяқталмаған суреттер» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Балабақша қызметкерлерінен «Балабақшада қызмет жасайтын маманның кәсіби шеберлігін анықтайтын жедел сауалнама» сауалнама және ата-аналардан «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тақырыптарында сауалнама алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Қараша айында осындай жұмыстар жүргізілді